

ӨОЖ 327; 339.9

Б.М. Балаубаева*, М. Ширинова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: binur77@mail.ru

Қазақстан – Қытай арасындағы мұнай саласындағы қарым-қатынастар

Аңдатпа. Қазақстан мен Қытайдың арасындағы экономикалық қатынастардың негізгі бағыты энергетикалық сала болғандықтан, мақала екі елдің мұнай саласындағы байланыстарына талдау жасайды. Мақала Қазақстан мен Қытайдың арасындағы мұнай саласындағы қарым-қатынастарының қырлары мен ерекшеліктерін қарастырады. Қытайдың мұнай компанияларының Қазақстан мұнай нарығындағы үлесін анықтайды. Мұнай құбырлары құрылысының кезеңдері мен екі елдің мұнай саласындағы перспективаларын талқылайды.

Түйін сөздер: мұнай, газ, энергетика, тауар айналымы, стратегиялық әріптестік, екіжақты қатынастар, мұнай орындары, мұнай құбыры, Қытай мұнай компаниялары, мұнай құбыр жобасы, ынтымақтастық, келісім, тасымалдау, мұнай өндіру, инвестиция, технология.

Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында көршілес Ресей, Қытай және Орталық Азия мемлекеттеріне басымдылық берілген. Сондықтан Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар екіжақты және көпжақты жүйемен дамып келеді. Өйткені екі ел арасындағы ұзақ тарихи байланыстар мен географиялық орналасуының жақындықтарына қоса, өзара ортақ мүдделіктер өзара байланыстарды дамытып, тереңдетуде.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасының төрағасы Ху Цзиньтаомен 2011 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) саммиті аясында кездесуінде екі елдің болашақ достығына тоқталғанда: «Біздің ынтымақтастық, біздің қарым-қатынастарымыз Қазақстан үшін де, Қытай үшін де пайдалы болып табылады. Біз осы қатынастарымызды, осы сеніміміз бен достығымызды жан-жақты нығайтуға ниеттіміз!», – деп атап өтті [1].

Қазақстан мен Қытай әріптестік қатынастардың дамуында, ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды дамытуға баса назар аударылды. Қазақстан Республикасы (ҚР) мен Қытай Халық Республикасы (ҚХР) арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық, екі ел

дипломатиялық қатынас орнатқан 1992 жылдың 3 қаңтарынан бері аса зор маңызға ие сала болып келеді.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынастар негізінен экономикалық мүддеге негізделген. Қытай компаниялары Қазақстан экономикасының әртүрлі салаларына қатысып келеді, әсіресе олар мұнай-газ саласына зор көлемде инвестиция салып отыр. Өйткені энергетика екі елге де стратегиялық маңызы зор. Қазіргі таңда Қазақстан ТМД елдері ішінде Ресейден кейінгі Қытайдың екінші сауда әріптесі. Ал Қытай өткен жылдан бастап Қазақстанның саудадағы бірінші әріптесі атанды. Қазақстанның экспорт-импорт тауар айналымында Қытай ең мол үлесті ұстайды. Қытай тарапының статистикасы бойынша екі елдің тауар айналымы 2010 жылы 20,31 млрд. долларға жетті, сөйтіп 45,3 пайызға ұлғайып, дағдарысқа дейінгі деңгейден асып түскен. Ал Қытайдан тартылатын инвестиция көлемі 15 млрд. долларды құрады [2].

2012 жылғы көрсеткіш бойынша, Қазақстанның сыртқы сауда айналымының 15%-ы Қытайға тиесілі. Қазіргі таңда Қазақстан мен Қытайдың экономикалық байланыстары жаңа деңгейге көтеріліп, жылдан-жылға жаңа серпінге

ие болып отыр. Екі ел арасындағы экономикалық саладағы ынтымақтастық бағыттары да артып келеді. Әсіресе мұнай саласы екі жақты қатынастардың дамуының негізгі приоритетіне айналды.

Мұнай саласы – Қазақстан экономикасының негізгі саласы. Мұнайға бай Қазақстанның Батыс өңірі мен Каспий маңы аймағы Қытай мұнай компаниялары үшін ғана емес, шетел компаниялары үшін де шикізат көзінің маңызды нүктесі екендігі белгілі. Қытай компаниялары Қазақстан мұнай нарығына 1997 жылы келді. Сол жылы қыркүйек айында Қазақстан мен Қытай арасындағы мұнай және газ саласындағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге, Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғат ресурстары министрлігі мен Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы арасында Қазақстан мен Қытай мұнай құбыры, өзен жобасы және Қазақстан-Иран мұнай құбыры жобалары жөнінде келісімдерге қол қойылуы осы саладағы алғашқы екіжақты қатынастардың негізін қалады. Бұл құжаттардың екі мемлекет үшін де стратегиялық маңызы бар екендігі және ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастыққа берік негіз қалайтындығы атап көрсетілген-ді [3].

Қытай компаниялары бірте-бірте Қазақстандағы мұнай өндіру орындарының акцияларын иемдене бастады. Қазақстандағы көптеген мұнай орындарын, негізінен, Қытайдың екі ірі компаниясы иеленеді: CNPC (Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясы) мен СІТІС (халықаралық қытай сауда-инвестициялық компаниясы). Ең алдымен, 1997 жылғы екіжақты келісімнен CNPC Ақтөбемұнайгазды (Жаңажол, Кеңқияқ) сатып алды. 1998 жылы Қытайдың мұнай компаниясы Ақтөбе мұнай компаниясын басқара бастаған кезде, мұнайдың жылдық өндірісі небары 2 миллион тоннаны құраған еді.

10 жыл өте келе, қытайлық технологияның, инвестициялар мен басқару жүйесінің арқасында жылдық өнім 2,5 есеге артты. 2001 жылы CNPC Солтүстік Бұзачы мұнай орнының 50 %-ына қол жеткізді. 2006 жылы CNPC PetroKazakhstan-ды сатып алды, СІТІС Қаражанбасмұнайдың 50 % бөлігін сатып алды. 2009 жылы CNPC Маңғыстаумұнайгаздың 50% бөлігін сатып алды [4].

Қытайдың мұнай компанияларымен қатар Қазақстанға мұнайды барлау, бұрғылау, қойма мекені мен мұнай мен газды өңдеу жүйесіне жаңа технологиялар келді. Мысалы, CNPC технологиясының арқасында геологиялық тұрғыдан күрделі болып табылатын Кеңқияқ кен орнына жаңа технологияны ендіру нәтижесінде қысқа уақыт арасында орта көлемі 28 млн қоры бар мұнай орнын игеруге мүмкіндік туды. Мұндағы мұнай өндіру күші қазіргі таңда жылына 2 млн тоннаны құрайды. Өндірілген мұнайды Қытайға тасымалдау мақсатында «Атасу-Алашанкоу», «Кеңқияқ-Құмкөл», «Қазақстан-Қытай» және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» мұнай құбырлар желісі салынып жұмыс жасауда. Ұзындығы мыңдаған шаршы шақырымға келетін, Орталық Қазақстаннан Қытайдың солтүстік-батыс шекарасына дейін жететін мұнай құбырларын салуға ҚХР үкіметі көмектесіп, қаржыландырды. Осы мұнай құбырларына басқа құбырлар қосылып, Каспий теңізі асты мұнай көздеріне қол жеткізу мүмкіндігі артты. Қазақстан Ресей, Қытай және Батыс елдерінен тартылатын инвесторлардың Қазақстандағы мұнай орындарын игеруді бақылауда ұстауға ұмтылғанымен, бірақ әлемдік қаржы дағдарысы Қытайға Қазақстанның мұнай өндіру саласындағы ықпалын күшейтуге және Қазақстандағы экономикасының басқа салаларына кеңінен енуге мүмкіндік берді [5]. Оған төмендегі кесте дәлел бола алады.


Кесте*Қытай компанияларының пайыздық үлесі (2009 ж.) [6]*

<u>Қазақстандағы мұнай компанияларының атауы</u>	<u>Қытайға тиесілі үлес</u>
Ақтөбемұнайгаз (Жаңажол, Кеңқияқ)	94.47%
PetroKazakhstan	67%
Маңғыстаумұнайгаз	50%
Қаражамбасмұнай	50%
Buzachi Operating Ltd (Солтүстік Бұзашы, Маңғыстау обл.)	75%
Тұрғай Петролеум КазГерМұнай	50% 50 %
Шымкент мұнай өндіруші зауыты	50%
ЖШС «Адай Петролеум Компани»	50%
АО РД «ҚазМұнайГаз»	11%
ЖШС «Казахойл Ақтөбе»	25%
ЖШС «Қарақұдықмұнай»	50%
ЖШС СП «Арман»	25%
ЖШС «Жамбай»	12.5%
АО «Ланкастер Петролеум»	87.96%
ЖШС «Эмир Ойл»	100%
ЖШС СП «ҚуатАмлонМұнай»	100%
АО «Ай-Дан Мұнай»	100%
ЖШС «Сазанқұрақ»	100%
ЖШС «Потенциал Ойл»	100%.
ЖШС «Прикаспиан Петролеум Компани»	100%
ЖШС «Сагиз Петролеум Компани»	100%
ЖШС «Эмбаведьойл»	100%

Жоғарыда көрсетілген кесте мен диаграмма Қазақстан энергетика саласындағы Қытай рөлінің артып келе жатқандығын көрсетеді. Сондай-ақ ол екі ел энергетикалық ынтымақтастығының стратегиялық маңыз алатындығын аңғартады. 2008 жылы Қазақстандағы қытайлық мұнай наға (жалпы – 70 млн.) жетті. 2011 жылғы көрсеткіш бойынша, Қытай компаниялары Қазақстандағы мұнай мен газ өндірудің 30% үлесіне қол жеткізді [8]. 2012 жылғы көрсеткіш бойынша,

Қытай компанияларына (CNPC, СІПІС) Қазақстандағы мұнай компаниялардың 21%-ға жуық үлесі тиесілі болғандығы анықталды. Сондай-ақ Қытай компаниялары қазақстандық экономиканың мұнай-газ саласына құйылатын жалпы шетел инвестициясының 26%-ына ие болды [9].

Қытай өзінің экономикалық өсімін қамтамасыз ету үшін және Таяу Шығыс елдерінен шикізат көздерін тасымалдау тәуелділігін төмендету мақсатында жаңа шикізат көздерін іздеп, Қазақстан мұнайын қажет етіп отыр.



Сурет. Мұнай компанияларының Қазақстандағы үлесі (2008 ж.) [7]

Visor Capital компаниясының жүргізген зерттеуі бойынша, Қазақстанда өндірілетін барлық мұнайдың $\frac{1}{4}$ бөлігі қытайлық компанияларға тиесілі. Қазақстан уран, алтын, мыс, никельге бай және осы материалдар Пекинге елдің экономикасының динамикалық өсімін сақтап қалу үшін қажет [10]. Осы салада Қазақстан мен Қытай арасында өзара тиімді әрі тең дәрежеде ынтымақтастықты дамыту болашағы бар.

Екі ел арасында тек үкіметаралық қана емес, компанияаралық ықпалдастық та дамып келеді. Мысалы, мұнай саласында ҚХР ҚР-мен «Самұрық-Қазына» Акционерлік қоғамының стратегиялық әріптестерінің бірі болып табылады. 2003 жылдың тамыз айында «ҚазМұнай-Газ» АҚ пен мұнай мен газды барлау және өңдеумен айналысатын Қытай ұлттық мұнайгаз корпорациясы арасында «Мұнай құбырының алғашқы кезектегі құрылысын тездету және Қазақстан-Қытай газ құбыры құрылысының мүмкіндіктерін зерттеу туралы Меморандумға» қол қойды. Тараптар мұнайгаз ресурстарын өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау, атом өнеркәсібі, электростанция құрылысы, қаржы-инвестиция және басқа салаларда өзара белсенді іс-қимылдар тізбегін бекітті. «ҚазМұнайГаз» ҰК» Акционерлік қоғамы CNPC бірлесуі арқылы «Қазақстан-Қытай» мұнай және газ құбырларының құрылысы мен тұтыну жобалары жүзеге асырылды [11].

Жалпы, Қытай инвесторларының Қазақстанның стратегиялық маңызды табиғи ресурстарын барлау мен өндіруге белсенділігінің артуы Қазақстан қоғамында түсініспеушілік тудырады. Себебі қарапайым халық Қытайдың Қазақстан мұнай-газ саласына белсенді қатысуын «экономикалық экспанция» деп бағалауда. Бірақ шын мәнісінде Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланысты экспансия деуден гөрі жаһандану заманындағы аймақтық ауқымды интеграция (ШЫҰ аясындағы) деу керек сияқты. Ауқымды интеграцияға түсу арқылы өзіміз шеше алмайтын проблемалардың шешімін тауып, экономика саласындағы басқа бағыттардың өсімін қамтамасыз ету мүмкіндігі пайда болады. Оның үстіне, Қазақстанның көпвекторлы саясатының Қытай тармағы Қазақстан үшін пайдасы бар. Мәселен, Өзбекстан мен Түрікмен газы Қытайға біздің транзиттік құбырымыз арқылы жетеді. Қытай тауары Орта Азиядағы көршілерімізге, Ресей Федерациясына, Белоруссия мен Украинаға біздің транзиттік дәліз арқылы барады. Батыс Еуропаға да Қытай және Оңтүстік Шығыс Азия мемлекеттерінің өнімдері бізге транзиттік валюта кірісін түсіріп барып жетеді. Батыстың тауарлары да Оңтүстік Шығыс Азияға дәл осы жолмен жүріп, елімізге транзиттік тасымал ақысын төлеп кетеді. Демек, халқы көп, тұтынушысы мол Қытай сияқты алып көршімен экономикалық ынтымақтастық Қазақстанға

тиімді болып отыр. Қазақстанның мемлекеттік бюджетінің 40%-ын мұнай экспортының түсімі қамтамасыз ететіндіктен қара алтын үшін жаңа рыноктар ашу өте маңызды болып табылады. Әйтсе де пайда көздерін іздеп жүргенде, өз мемлекетіміздің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіру мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды [12]. Екіжақты сауда-экономикалық қатынастарда ҚХР азаматтарының еңбек мигранттары ретінде Қазақстан жеріне көптеп енуі келеңсіз жағдайларға әкеп соқтыруы әбден мүмкін. Әділет министрлігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда бүгінгі күні 78 қытайлық компания, қытай капиталының қатысуымен 3964 кәсіпкерлік және олардың 65 филиалы тіркелген. Әрине, бұл көрсеткіштер жоғары. Бірақ Қытай компанияларының қытайлық азаматтарды көптеп жұмысқа тарту жергілікті халықтың наразылығын тудырады [13].

Осы жағдайларға қарамастан, екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтар үздіксіз дамып келеді. Энергетикалық саладағы бірлескен жобалар мұнай құбырларының салынуында көрініс тапқан. Мәселен, Қазақстан-Қытай мұнай құбыры құрылысы екі кезеңге жоспарланған. Бірінші кезеңде ҚР Үкіметі мен ҚХР үкіметі арасындағы мұнай мен газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту туралы Шекті келісімге сәйкес жүргізілген Атасу – Алашаңқай мұнай құбыры жобасы іске асырылды (Пекин қ., 2004 жылғы 17 мамыр). Атасу-Алашаңқай мұнай құбыры 2004 жылғы екі ел арасындағы мұнай және газ саласындағы жан-жақты ынтымақтастықты дамыту жөніндегі келісімге сәйкес құрыла бастады. 2008 жылы құрылыс аяқталды. Ұзындығы – 962 км, диаметрі – 813 мм. Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Алматы облысынан ҚХР-дың Алашанькоу аймағына дейін созылған. 2010 жылы 10,1 млн тонна мұнай тасымалы жүзеге асты. 2011 жылғы I жартыжылдықта жоспарланған 5,5 млн. тонна мұнайдың орнына 5,8 млн тонна мұнай тасымалданды. Жалпы, 30,8 млн тонна мұнай тасымалы жүзеге асты [14]. 2011 жылы бұл мұнай құбыры арқылы жалпы 14 млн тонна мұнай тасымалданды. «2014 жылға қарай мұнай тасымалдау қуатын 20 млн тоннаға дейін жоғарылату көзделіп отыр», – деп «КазТрансОйл» компаниясының бас директоры Қайыргелді Қабылдин жариялады. Қытай Ұлттық Мұнай-газ Корпорациясы және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы акционерлік қоғамы

арасындағы 2006 жылғы 20 желтоқсандағы келісімге сәйкес тепе-теңдік негізде (қатысу үлестері 50%-дан) құрған «Қазақстан – Қытай құбыры» ЖШС бірлескен кәсіпорны іске асырды. Атасу – Алашаңқай мұнай құбырының пайдалануға берілуі 2006 жылдың аса маңызды оқиғаларының бірі, мұнай тасымалдау жүйесінің көп бағыттылық стратегиясын іске асырудағы елеулі кезеңі болды әрі мұнай компанияларына мұнайды Қытайдың келешегі зор және қауырт өсіп отырған тұтынуына жеткізудің сенімді де экономикалық тиімді бағытын қамтамасыз етті. Бұдан басқа мұнай құбыры Қытайға Ресей мұнайын тасымалдау үшін Қазақстанның өткізушілік әлеуетін қосуға мүмкіндік берді [15].

Өткізу қабілеті жылына 10 млн тоннаға жететін келесі Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбыры құрылысының жобасы Қазақстан-Қытай жобасының 2-ші кезеңі болып табылады. Кеңқияқ-Құмкөл мұнай құбырының құрылысы 2006 жылы басталды. Қытай Ұлттық Мұнай Корпорациясы мен «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы арасындағы «Қазақстан-Қытай құбырының 2-ші кезеңінің құрылыс принциптеріне» сәйкес жүзеге асырылды. Сөйтіп, келесі жылдарға қарамастан 2009 жылғы қазан айында ұзындығы 793 шақырым болатын магистралды құбыр бойымен экспортқа мұнай жіберілді. Болжамдарға сүйенсек, «Кеңқияқ – Құмкөл» телімінің өзі 2010 жыл мен 2020 жыл аралығында Қазақстанға 60 млрд. теңге сомасына салық әкеледі екен. 2010 жылы құрылыс толығымен аяқталды. Ұзындығы – 794 км, диаметрі – 813 мм. Ақтөбе, Қызылорда, Қарағанды облыстары арқылы өтеді [16].

Қазіргі таңда Қытаймен жан-жақты саудасаттық жасау біз үшін тиімді әрі қажет дүние болып отыр. Соңғы жылдары екі елдің ынтымақтастығы сауда-экономикалық, энергетикалық, шикізаттық емес, инфрақұрылымдық және басқа салаларда жемісті дамып келеді. Елдеріміздің сауда айналымы дипломатиялық қатынас орнаған алғашқы жылдардағы 368 млн доллардан 2010 жылы рекордтық көрсеткішке дейін, яғни 20,31 млрд. долларға дейін өсті. Нақтылай түссек, бұл – 60 есеге артты деген сөз. Бүгінгі күні Қытай Қазақстанның аса ірі сауда әріптесі болып табылады және Қазақстан ТМД елдері арасында Қытайдың екінші сауда әріптесі болып отыр. Қытай мен Қазақстан арасында тауар айналымы ҚХР-дың Орталық Азиядағы елдермен жалпы тауар көлемінің 70 пайызынан астамын құрайды.

Екі мемлекет басшысы 2015 жылға қарай тауар айналымын 40 млрд. доллар деңгейіне жеткізу туралы мақсат қойды. Бұл жерде атап көрсететін жайт екі елдің экономикалық ынтымақтастығы ешқандай қосымша саяси шартсыз, яғни тең құқылық, сенім және өзара тиімділік негізінде жүргізіліп келеді [8]. Сондықтан Қазақстанның Қытаймен мұнай-газ саласында пайдалы қызмет атқаруға сенім мол. Қытаймен бірлесе отырып, 2015 жылы тәулігіне 300 мың тонна (2,3 млн баррел) мұнай өндіру болжамы мұнай өндіру қарқынын жылына 5,7%-ға өсіре отырып, 8-9 жылдан соң Қазақстанның мұнай шығарушы мемлекеттердің алғашқы ондығында болуын қамтамасыз етеді [5]. Міне, сондықтан да мұндай ынтымақтастық үлкен өмірлік күшке ие және тұрақты түрде кенейе әрі тереңдей түсе береді. Оның үстіне Қытайдан инвестиция, технология, логистика, тәжірибе алуға мүмкіндік туады. Одан кейінгі кезекте қайта өндіру салалары мен экономиканың шикізатты емес салаларын дамытудың болашағы зор. Сондықтан шикізат өнімімен ғана шектелмей, Қазақстан Қытаймен басқа өнеркәсіп салаларында серіктестігін әрі қарай дамытуға көңіл бөлгені абзал. Сондай-ақ Қазақстанның шикізат өнімін өңдеу, машина құрастыру, металлургия, азық және текстильдік өндіріс, көлік және логистикалық қызмет, құрылыс материалдарын шығару сияқты салаларда ұлттық өнеркәсіп жүйесін қалыптастыруда қытай ресурстарын пайдалануды қазірден ойластыру керек деп ойлаймыз. Өйткені Қытай бізге қатты мүдделі болып тұрғанда, біз де оларды ұзақ стратегиялық мақсатырмызды іске асыруға пайдалануды қарастырғанымыз жөн болады деп санаймыз.

Әдебиеттер

1 [Қазақстан Республикасының президенті Н. Назарбаев, Нұрсұлтан Назарбаев: Қазақстан мен Қытай стратегиялық әріптес екенін жариялады // Айқын. – 2011. – 14 маусым.

2 «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестициялар ұлттық агенттігінің 2007-2010жж статистикасы // <http://www.kaznex.kz/kz/napr/export/analitika/china.php>

3 Қазақстан Республикасының Энергетика және табиғат ресурстары министрлігі мен Қытай Ұлттық мұнай-газ корпорациясы арасында Қазақстан мен Қытай мұнай құбыры

жөнәндегі келісім <http://kazenergy.com/ru/2-26-27-2009/3022-2011-11-23-10-57-53.html>

4 Sebastian Reyhouse. Chinese economic presence in Kazakhstan: China's resolve and Asia's apprehension // Special feature: China's perspectives. – 2008. – 39 page.

5 Бақытжан Исенғалиев. Пекинде өткен Ресей – Орталық Азия – Қытай екінші мұнай газ форумында сөйлеген сөзінен. – 2009. – 23-24 қыркүйек.

6 *Қытай компанияларының пайыздық үлесі (2009 ж.)* http://www.compromat.ru/page_30549.htm

7 Нефтяная_отрасль_Казахстана <http://ru.wikipedia.org/wiki/>

8 Чжоу Ли. Қытай-Қазақстан қарым-қатынасы: Жаңа тарихи кезеңде // Егемен Қазақстан. – 2011. – 28 қыркүйек.

9 Кайрат Келимбетов. Политика Президента РК, его антикризисная программа, программа ФИИР страны пользуется большим уважением у высшего руководства КНР // Карта индустриализации 2010-2014. // <http://www.kca.kz/?catID=36&item=107&module=articles&docID=2051>

10 Visor Capital компаниясының жүргізген зерттеуі http://rus.azattyq.org/content/kazakhstan_china_investment_/2320430.html

11 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 ақпандағы № 134 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары // <http://e-vesti.kz/?q=node/1149>

12 Таңшолпан Бекболат. Түсінбестіктің төркіні неде? // «Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газет. – 2011. – 30 маусым. // http://www.aikyn.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=8682

13 Акатаева А.А. Проблемы и перспективы торгово-экономического сотрудничества РК и КНР // Вестник КазНУ. Серия МО и МП. – 2009. – №4-5. – С. 184.

14 2011 жылғы I жартыжылдықтағы көрсеткіштер <http://www.kcp.kz/ru/news/10/>

15 Қарлығаш Имантаева. ҚазТрансОйл: еліміздің дамуы мен игілігінің мұнай бағыттары / <http://www.egemen.kz/indexold.php?act=readarticle&id=4027>

16 Қазақстан-Қытай мұнай құбыры/ http://www.kmg.kz/kz/manufacturing/oil/kazakhstan_china/

Б.М. Балаубаева, М. Ширинова

Казахстанско-китайские отношения в нефтяной отрасли

Данная статья рассматривает казахстанско-китайские отношения в нефтяной отрасли, так как энергетическая отрасль является основным направлением двусторонних отношений. Описывает специфику и проблемы казахстанско-китайских отношений в этой отрасли. Определяет долю присутствия китайских компаний на нефтяном рынке Казахстана. Анализирует периоды строительства нефтепроводов и перспективы двусторонних отношений в нефтяной отрасли.

Ключевые слова: Нефть, газ, энергетика, товарооборот, стратегическое партнерство, нефтяные месторождения, двусторонние отношения, китайские нефтяные компании.

B. Balaubayeva, M. Shirinova

The kazakhstan – chinese relations in oil branch

The given article considers the Kazakhstan-Chinese relations in oil branch as the power branch is the main direction of the bilateral relations. Also it describes specifics and problems of the Kazakhstan-Chinese relations in this branch. Defines a share of presence of the Chinese companies in the oil market of Kazakhstan. Analyzes the periods of construction of oil pipelines and prospect of the bilateral relations in oil branch.

Keywords: Oil, gas, energetic, goods turnover, strategic partnership, bilateral relations, oil fields, oil pipeline, chinese oil companies.